

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

ӘОЖ 06.71.09

ӘУЕ ТАСЫМАЛДАРЫ ОРЫНДАЛУЫНЫҢ БАҒАЛАУ ӘДІСТЕМЕСІ

Нұрланұлы Абдул-Хасен
akhasssen@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
«Экономика және кәсіпкерлік» кафедрасының докторанты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Шалболова У.Ж.

Кез-келген коммерциялық негізде қызмет ететін кәсіпорынның негізгі мақсаты – өзінің пайдасын барынша максималдау болып табылады. Пайданы арттырудың мүмкіндіктерін іздеу кезіндегі маңызды сәттердің бірі – оны ұлғайту көздерін тағайындау және оларды жүзеге асыру тәсілдерін қалыптастыру болып табылады.

Әуе компанияларының негізгі операциялық және қаржылық қызметтерін бизнес-процесстер жиынтығы түрінде көрсетуге болады. Әрбір бизнес-модель белгілі бір уақыттағы кірістер мен шығыстарды анықтайтын операциялар жиынтығынан тұрады. Басқаша айтатын болсақ, бизнес-процесс немесе бизнес-модель – бұл кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелері арқылы өтетін және тұтынушылардың тапсырыстарын, не қажеттеліктерін орындауға (қызмет көрсетуге) бағытталған өзара байланысты материалдық, ақпараттық және қаржылық ағындардың жиынтығы деуге болады. Олар, өз кезегінде, әуе компаниялардың іскерлік қызметінің негізгі құрауышы ретінде саналады, өйткені ол келесі процесстерде маңызды рөл атқарады:

– Бизнес-процесстерді жүзеге асыратын жекелеген бөлімшелердің қызметін тиімді координациялау;

– Әуе компаниялардың нормативтік базасының толықтығын тексеру;

– Әуе компаниялардың дамуын болжау және т.б.

Осылайша, бизнес-модель авиакомпанияның дамуын жүйелі түрде басқару, оның қызметінің тиімділігінің жоғары деңгейіне жету үшін қажет болып табылады. Бизнес-жоспарларда өндірістік-шаруашылық қызметті талдау ерекше рөл атқарады, өйткені әртүрлі әдістер мен тәсілдерді қолдану арқылы бизнестің тиімділігін арттыруды бағалауға, сондай-ақ коммерциялық жағдайдың сценарийін жоспарлауға болады. Авиақиялық техниканы пайдалану тиімділігінің көрсеткіштері ұйымдық-техникалық деңгейдегі кәсіпорынның өндірістік-шаруашылық қызметін талдауға жатады және басқару шешімдерін қабылдау кезінде ерекше рөл атқарады [1].

Жалпы алғанда, әуе тасымалдарының тиімділігін бағалау көрсеткіштерін келесідей негізгі топтарға бөліп көрсетуге болады:

– Операциялық көрсеткіштер: тасымалданған жолаушылар/жүк көлемдері, яғни жолаушылар/жүк ағындары; жолаушылар/жүк айналымдары және т.с.с.;

– Қаржылық көрсеткіштер: жолаушылар/жүк тасымалдарынан түскен түсім, орташа әуе билеті бағасы және т.б.;

– Әуе тасымалдары сапасы көрсеткіштері: OTP (On-Time Performance), қауіпсіздік коэффициенті, NPS, CSAT.

1-кестеде әуе тасымалдарын бағалуда қолданылатын көрсеткіштер, есептелу жолдарымен көрсетілген.

Кесте – 1. Әуе тасымалын бағалау көрсеткіштері

Көрсеткіш түрі	Көрсеткіш атауы	Өлшем бірлігі	Көрсеткіш мәні	Есептеу жолы
----------------	-----------------	---------------	----------------	--------------

Операциялық көрсеткіштер

Жолаушылар ағыны	адам	Белгілі бір уақыт аралығындағы әуе көлігімен тасымалданған жолаушылар көлемін көрсетеді.	тасымалданған жолаушылар сомасы
Транзитті жолаушылар ағыны	адам	Белгілі бір уақыт аралығында әуе көлігімен «А» пунктінен «Б» пунктіне жету мақсатында «аралық» пункт арқылы тасымалданған жолаушылар көлемі.	тасымалданған жолаушылар сомасы
Жүк ағыны	тонна	Белгілі бір уақыт аралығындағы әуе көлігімен тасымалданған жүк көлемін көрсетеді.	тасымалданған жүк сомасы
ASK – шекті жолаушылар айналымы	орын-шақырым	Жолаушылар тасымалдау сыйымдылығын өлшеу көрсеткіші, бір жолаушы орынының бір километр қашықтыққа жылжуын білдіреді.	$ASK = \text{орын саны} * \text{ұшу қашықтығы}$
RPK – орындалған жолаушылар айналымы	жолаушы-шақырым	Нақты пайдаланылған жолаушылар тасымалдау сыйымдылығын өлшеу көрсеткіші, бір жолаушының бір шақырым қашықтыққа жылжуын білдіреді.	$RPK = \text{тасымалданған жолаушы саны} * \text{ұшу қашықтығы}$
ATK – шекті жүк айналымы	тонна-шақырым	Бір шақырым қашықтыққа жүктің бір шартты тоннасын жылжыту есебінен тасымалдау сыйымдылығын білдіреді.	$ATK = \text{тасымалдау сыйымдылығы} * \text{ұшу қашықтығы}$
TKM – орындалған жүк айналымы	тонна-шақырым	Бір тонна жүктің (жолаушылардың бір жолаушыға 90 кг және коммерциялық жүк есебінен) бір шақырым қашықтыққа нақты орнын ауыстыруын білдіреді.	$TKM = \text{тасымалдау сыйымдылығы} * \text{ұшу қашықтығы}$
LF (load factor) - жолаушылар орындықтарының толтырылу көрсеткіші	%	Авиакомпанияның жолаушылар тасымалдау сыйымдылығын пайдалану көрсеткіші.	$LF = RPK / ASK * 100\%$
Жүктің толтырылу көрсеткіші	%	Авиакомпанияның жүк тасымалдау сыйымдылығын пайдалану көрсеткіші.	$TKM / ATK * 100\%$

Қаржылық көрсеткіштер	RASK	ақшалай түрде	Әуе тасымалынан түсетін табыстың шекті жолаушылар айналымына қатынасы, бұл көрсеткіш бір орын-шақырымға келетін табыстың мәнін көрсетеді.	RASK = кәсіпорын табысы / ASK
	CASK	ақшалай түрде	Шекті жолаушылар айналымына жалпы операциялық шығындар, бұл көрсеткіш бір орын-шақырымға келетін операциялық шығындардың көлемін көрсетеді.	CASK = кәсіпорын шығындары / ASK
	Yield	ақшалай түрде	Орындалған жолаушылар айналымының бір бірлігіне келетін кірістер көлемі.	Yield = кәсіпорын табысы / RPK
	EBITDA	ақшалай түрде	Салық, пайыз, тозу және амортизацияға дейінгі кірісті білдіретін қаржылық көрсеткіш.	
	Орташа тариф	ақшалай түрде	Жолаушыларды тасымалдауда сатылған бір билеттің орташа бағасы.	Орташа тариф = жолаушылар тасымалынан түскен табыс / тасымалданған жолаушылар ағыны
Сапалық көрсеткіштер	ОТР	%	ОТР (On-time performance) – авиацияда рейстерді уақтылы орындаудың көрсеткіші. Ол әдетте 15 минуттан кешіккен рейстерді есепке алады.	ОТР = уақтылы орындалған рейстер саны / жалпы орындалған рейстердің саны
	Қауіпсіздік коэффициенті	%	Әуе рейстерінің орындалуының қауіпсіздігін көрсетеді.	Қауіпсіздік коэффициенті = орын алған инциденттер саны / жалпы орындалған ұшақ жөнелтілімдері саны
	NPS	%	Тұтынушылардың өнімге немесе компанияға / брендке деген ниеттестігін анықтау индексі (ұсынуға дайындық индексі).	
	CSAT	%	Клиенттердің қанағаттану индексі	
Ескерту – [2,3,4,5,6,7] дереккөздер негізінде автормен құрастырылған				

Осылайша, берілген көрсеткіштерді әуе компаниялары қызметтерінің тиімділігін бағалау кезінде қолдануға болады, ол өз кезегінде жалпылау арқылы әуе тасымалы нарығының жай-күйін бағалауға да мүмкіндік береді. Берілген көрсеткіштердің көпшілігін әуе компаниялардың

немесе осы нарықтың тиімділігін бағалау кезінде динамикада салыстырған дұрыс, бірақ та ОТР секілді көрсеткіштерді талдау барысында олардың мәні неғұрлым жоғары болса, соғұрлым кәсіпорын не нарық үшін оң мәнді туғазады деп интерпретация жасауға болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Е.А.Юровских. Повышение эффективности деятельности авиакомпании в сфере региональных воздушных перевозок // Магистерская диссертация. 2022. - URL: <https://elar.urfu.ru/handle/10995/116343?ysclid=luh5xo4jpa826480196>
2. Д.Л.Скипин, А.С.Гущина, Э.В.Лобанова. Оценка эффективности выполнения авиаперевозок // Экономический анализ: теория и практика, 2018. - Т.17 - В.3. - С.575–585.
3. Аэрофлот глоссарийи - URL: <https://www.aeroflot.ru/ru-ru/> [Онлайн ресурс]
4. Л.Г. Большедворская. Экономическая оценка параметров качества авиатранспортных услуг // Научный вестник МГТУ ГА, 2009.- В.143. – С.31-37.
5. Романчева Н.И., Павлова Л.В. Технологии оценки показателей пассажирских перевозок //Труды междунар. симпозиума «Надежность и качество», 2013. - Т.2. -С.264-267.
6. Д.Л.Скипин, А.С.Гущина. Методика оценки эффективности субсидируемых авиаперевозок как основа принятия обоснованных управленческих решений // Вестник Пермского университета, 2018. -Т.13.- Вып. 4. -С.638-653.
7. «Air Astana» АҚ ресми сайты — URL: <https://airastana.com/kaz/ru-ru>

УДК 330.8

РОЛЬ К. САТПАЕВА В РАЗВИТИИ ЭКОНОМИКИ КАЗАХСТАНА

Строганов Никита Антонович

nik.stroganov12@yandex.ru

Магистрант, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Строганов Антон Константинович

Старший преподаватель кафедры физического воспитания, Сибирский государственный университет телекоммуникаций и информатики, Новосибирск, Российская Федерация

Наука играет ключевую роль в экономическом развитии стран, и Республика Казахстан не является исключением. Особый вклад в этот процесс внес Каныш Сатпаев, чьи научные открытия оказали значительное влияние на развитие экономики страны. Он внёс значительный вклад в изучение геологического строения региона, определение месторождений нефти и газа, разработку методов исследований, что способствовало дальнейшему освоению энергетических ресурсов страны. Благодаря его работе увеличилась точность прогнозирования нефтегазовых районов, что способствовало повышению добычи полезных ископаемых и усилению инвестиций в разведку и энергетических месторождений.

Вклад Сатпаева в развитие экономики не только подчеркивает важность его работы, но и открывает путь к пониманию того, как научные достижения могут способствовать экономическому росту.

В статье будет рассмотрен вклад Сатпаева в экономику Казахстана, освещая аспекты влияния его научных открытий на экономическое благополучие страны. Сосредоточу внимание на тезисах, таких как "Влияние научных открытий Сатпаева на экономику" и "развитие Казахстана благодаря Сатпаеву", это позволит глубже понять, как Сатпаев улучшил экономику Казахстана и какова роль его открытий в современном экономическом ландшафте страны.

В контексте предшествующей науки и её роли в экономике Казахстана, важно выделить ключевые фигуры и учреждения, внесшие значительный вклад в развитие экономического образования и науки в стране. Данные представлены в таблице 1: